

Келесемін

БТІЖО *М. Кабылдина*

«*26*»<sup>*08*</sup>-----2025 жыл

Бекітемін

Басшы *Т.Коскадамова*

Т.Коскадамова

«*26*»<sup>*08*</sup>-----2025 жыл



**«АДАЛ АЗАМАТ: БІРТҰТАС ТӘРБИЕ» бағдарламасын іске асыру бойынша  
Мектеп Парламентінің 2025 – 2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

# МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

## 1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы мектеп Парламентінің қызметі туралы ереже (бұдан әрі – ереже) мектеп Өзін-өзі басқару органы-мектеп парламентінің құрылымын, қызметін, құқықтары мен міндеттерін қалыптастыру мен ұйымдастырудың мақсаттарын, міндеттерін, тәртібін айқындайды.
2. Мектеп парламенті балалар мен жастардың аса маңызды мәселелерін шешуге, оның әлеуметтік белсенділігін дамытуға, әлеуметтік бастамаларды қолдауға бағытталған мектеп Өзін-өзі басқарудың бастамашыл, дербес, жауапты қоғамдық нысаны болып табылады.
3. Мектептің өзін – өзі басқару органы – мектеп Парламенті (бұдан әрі-Парламент) білім беру ұйымдары оқушыларының бастамасы бойынша білім алушылардың мүдделерін білдіру үшін тұрақты жұмыс істейтін үйлестіруші орган ретінде құрылады және осы Ереженің негізінде әрекет етеді.
4. Әрбір білім алушы осы Ережеге сәйкес Парламентке сайлауға және сайлануға құқылы.
5. Парламенттің қызметі мен шешімдері білім беру ұйымының барлық білім алушыларына бағытталған және қолданылады.
6. Парламент өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Білім туралы", "Мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

## 2 тарау. Парламенттің мақсаттары мен міндеттері

7. **Парламенттің мақсаты:** балаларды табысты әлеуметтендіру және өзін-өзі тиімді жүзеге асыру үшін жағдай жасау, сондай-ақ білім алушылардың туындайтын проблемаларды өз бетінше шешу үшін мүмкіндіктер жасау.
8. **Парламенттің міндеттері:**
  - 1) білім алушылардың шығармашылық белсенділігі мен өзіндік қызметін іске асыру;
  - 2) білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, оның ішінде білім беру, әлеуметтік-тұрмыстық және олардың мүдделерін қозғайтын өзге де мәселелерді шешуге көмек көрсету;

- 3) білім беру ұйымының басшылығына білім беру және ғылыми міндеттерді шешуде, білім алушылардың бос уақытын және тұрмысын ұйымдастыруда, салауатты өмір салтын насихаттауда көмек көрсету;
  - 4) білім беру және тәрбие процесі шеңберінде өткізілетін іс-шараларда білім беру ұйымдарына көмек көрсету;
  - 5) білім беру ұйымының рухы мен дәстүрлеріне патриоттық көзқарасқа, білім алушылардың санасын және олардың өз білім деңгейіне деген талапшылдығын арттыруға, мүлікке ұқыпты қарауға тәрбиелеуге бағытталған жұмыс жүргізу;
  - 6) білім алушыларды білім беру ұйымының қызметі туралы хабардар ету;
  - 7) қазақстандық қоғамды дамытудың нақты күші мен стратегиялық ресурсы ретінде балалар туралы қоғамдық пікірді қалыптастыруға қатысу;
  - 8) балалар мен жастардың қоғамдық маңызы бар бастамаларын іске асыруға көмек көрсету.
9. Парламенттің білім беру ұйымдарындағы қызметі өңірдің және білім беру ұйымдарының ерекшеліктерін ескере отырып айқындалатын басқа да міндеттерді шешуге бағытталған.

### **3-тарау. Парламенттің құрылымы**

10. Білім беру ұйымының білім алушылары мен педагогтары сайлауда сайлайтын президент Парламент көшбасшысы болып табылады.
11. Президент пен парламент мүшелері бір оқу жылы мерзіміне сайланады.
12. Парламент Президенттен, оның орынбасарларынан, парламент фракцияларының басшыларынан және мүшелерінен тұрады. Қажет болған жағдайда Парламенттің шешімі бойынша оның құрамына білім алушылар арасынан парламент мүшелері қосымша сайланады. Парламент мүшелерін сайлау сынып жиналыстарында жүзеге асырылады.

### **4-тарау. Парламенттік қызмет**

13. Білім беру ұйымдары директорының тәрбие работе жөніндегі орынбасары колледжде және ЖОО-да парламентке жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуына дербес жауапты болады.

#### **14. Парламент Президенті:**

- 1) Парламенттің қызметіне басшылық жасайды және өзіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауапты болады;
  - 2) өз орынбасарлары, фракция жетекшілері арасында міндеттерді бөледі және олардың қызметін үйлестіреді;
  - 3) өз міндеттерін орындау кезінде білім беру ұйымының басшылығы берген құқықтарды пайдаланады.
15. Парламент білім беру ұйымы Парламентінің қызметі туралы Ережені басшылыққа бекітуге ұсынады.

#### **16. Парламенттің құрылымы**

##### **8 фракциядан тұрады:**

Патриотизм фракциясы.

Құқық және тәртіп фракциясы.

Ақпараттық фракция (мектептің баспасөз қызметі).

Спорт және салауатты өмір салты фракциясы.

Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы (психология).

Қамқорлық фракциясы (еріктілік).

Білім және мәдениет фракциясы (музыкалық, көркем шығармашылық).

Экология және еңбек фракциясы.

Парламенттің жоғарғы органы фракция жетекшілерінің жалпы жиналысы болып табылады.

17. Парламент қызметін жоспарлау білім беру ұйымының жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады.

18. Парламент Президенті білім беру ұйымының барлық алқалы органдарының жұмысына қатысады.

19. Парламент мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдармен байланысты жүзеге асырады.

20. Парламент білім беру ұйымының алдында тұрған міндеттерді тиімді орындау мақсатында педагогикалық ұжыммен өзара іс-қимыл жасайды.

## 5-тарау. Парламенттік құқықтар мен міндеттер

### 21. Парламент құқылы:

- 1) білім беру ұйымдары білім алушыларының мүдделерін қозғайтын ережелерді, жұмыс жоспарларын әзірлеуге және жетілдіруге қатысуға;
- 2) білім алушылардың мүдделерін қозғайтын әлеуметтік-тұрмыстық және қаржылық мәселелерді шешуге, оның ішінде білім беру ұйымының қаражатын, дотацияларды және мәдени-бұқаралық және спорттық-сауықтыру іс-шараларына, демалуға және емдеуге бөлінетін қаражатты бөлуге қатысуға;
- 3) білім алушылардың оқу тәртібін және білім беру ұйымының ішкі тәртіп қағидаларын бұзуына байланысты мәселелерді қарауға қатысуға;
- 4) білім алушыларды оқу және оқудан тыс қызметтің түрлі салаларындағы жетістіктері үшін көтермелеу жүйесін әзірлеуге және іске асыруға қатысуға;
- 5) білім беру ұйымының білім алушыларының өтініштері мен шағымдарын қарауға және талқылауға қатысуға;
- 6) білім алушылардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін наразылықтың заңды нысандарын анықтау және пайдалану;
- 7) білім беру ұйымдарының сабақтан тыс іс-шараларын жоспарлауға, дайындауға, өткізуге және талдауға тікелей қатысуға;
- 8) білім беру ұйымдарында құрылатын клубтардың жұмысына қатысуға міндетті.

### 22. Парламент міндетті:

- 1) білім алушылардың сана-сезімін және олардың өз білім деңгейіне деген талапшылдығын арттыруға, білім беру ұйымдарының мүлкіне ұқыпты қарауға тәрбиелеуге, оқу корпусстарында оқу тәртібі мен құқықтық тәртіпті нығайтуға, білім алушылардың азаматтық санасын арттыруға, борыш пен жауапкершілік сезімін тәрбиелеуге бағытталған жұмысты жүргізуге;